

Методические указания
выполнению диплома



Форма
Ф СО ПГУ 7.18.2/04

«Азық-түлік өнімдерінің технологиясы және
қоршаған ортаны қорғау» кафедрасы

050727-«Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандық
студенттеріне арналған

**Дипломдық жұмысты орындауға арналған
әдістемелік нұсқау**

Павлодар

Лист утверждён
указаний по
дипломной



Форма
Ф СО ПГУ 7.18.2/04

БЕКІТЕМІН

ОЖ бойынша проректор

_____ Пфейфер Н.Э.

«___» _____ 200_ж.

Құрастырушылар: _____ «АТӨТЖҚОҚ» кафедрасының
менгерушісі, т.ғ.к., профессор
Арынғазин К. Ш.
_____ «АТӨТЖҚОҚ» кафедрасының
оқытушысы Альжанова А. С.
_____ «АТӨТЖҚОҚ» кафедрасының мастери
Оспанова Б. М.

«Азық-түлік өнімдерінің технологиясы және
қоршаған ортаны қорғау» кафедрасы
050727-«Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандық
студенттеріне арналған

Жұмыс бағдарламасы мамандықтың мемлекеттік білім беру
стандарты ГОСО РК 5.03.001-2004 ж. және ҚРБЖҒМ 11.05.2005 ж.
289 бұйрығымен бекітілген типтік бағдарлама негізінде жасалған

Кафедра мәжілісінде ұсынылған «28» тамыз 2007 ж.
№ 1 хаттамасы
Кафедра меңгерушісі _____ Арынғазин Қ. Ш.

Сәулет-құрылыс факультетінің методикалық кеңесінде мақұлданған
«29» тамыз 2007 ж., № 1 хаттамасы
МК орынбасары _____ Козионов В. А.

КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы _____ Кудерин М. Қ. «29» тамыз 2007 ж.

ОӘК МАҚҰЛДАНДЫ

Дипломдық жұмыстың жалпы ережелері

Дипломдық жұмысты орындау - бұл студенттің жоғары оқу орнында оқуының ақырғы кезеңі болып табылады және осындай мақсатты көздейді.

- таңдап алған мамандығы бойынша теориялық және тәжірибелік білімді тереңдету, сонымен қатар нақтылы мәселелерді шешуді колдану;

- жобалау-конструкторлық және зерттеу жұмысты дербес жүргізу дағдыларының қалыптасуы мен эксперимент және ғылыми зерттеу немесе жобалау әдістемесін меңгеру;

- басқа құрастырушылар немесе зерттеушілер шығарған нәтижелерді талдап қорыту дағдыларын иемдену;

- студенттің қазіргі заман өзгерісі, ғылыми, техника және мәдениет прогресі жағдайында дербес жұмыс істей алатындығын анықтау;

Дипломдық жұмыс бітірушінің квалификациялық жұмысы, бұл студенттің теориялық және тәжірибелік білімін қамтып көрсетеді.

Дипломдық жұмысты орындау және Мемлекеттік аттестациялық комиссияға (МАК) қорғау қорытындысы деңгейі бойынша бітірушіге сәйкес квалификация беру мүмкіндігі туралы қорытынды шығарылады. Дипломдық жұмыстың тақырыбы маңызды, сонымен қатар ғылым, техника және мәдениеттің даму болашағы мен қазіргі жағдайларға сәйкес болуы қажет. Дипломдық жұмыстың тақырыбы және жетекшілер шығарушы кафедрамен анықталады және университет кеңесімен бекітіледі. Тақырыпты анықтау барысында осы дайындық облыстың нақтылы мәселелерін ескеру қажет. Дипломдық жұмыстар тақырыптарының жалпы тізімі жыл сайын жаңартылады және жоғары оқу орны бекіткен ереже бойынша студенттерге хабарланады.

Дипломдық жұмыстар тақырыптары олардың жетекшілері факультет деканының ұсынысы негізінде ректор бұйрығымен бекітіледі. Егер де дипломдық жұмыс тақырыбын өзгерту немесе анықтау қажет болса факультет деканы кафедра ұсынысы негізінде ректор бұйрығына өзгертулер енгізу туралы өтініш қозғайды.

Дипломдық жұмыс тақырыбына сәйкес, дипломдық жұмыс жетекшісі студентке тәжірибе объектіні зерттеу бойынша және дипломдық жұмысы жөнінде материал жинау бойынша тапсырма береді. Сонымен қатар студентке жетекшімен құрастырылған және кафедра меңгерушісімен бекітілген аяқтау мерзімі көрсетілген дипломдық жұмыс тапсырмасы беріледі. Тапсырманың формасы факультет деканының ұсынысы негізінде ректор бұйрығымен бекітіледі. (Қоса беріліп отырған үлгіге сәйкес). Осы тапсырма жұмыспен бірге МАК-

қа ұсынылады. Дипломдық жұмыс тиісті мамандықтың, оқу жоспарында берілген уақыт аралығында орындалады.

Оған дейін диплом алдындағы тәжірибе өткізіледі.

Дипломдық жұмыстың тапсырмасы

Дипломдық жұмыстың тапсырмасында келесілер болуы қажет: тақырып, негізгі мәліметтер, бөлімдер бойынша жұмыс көлемі керсетілген жұмыс құрамы, кезеңдерді орындау мерзімдері, сызулар, тексеру және қабылдау әдістерге техникалық шарттар. Дипломдық жұмыс 80-100 бет көлемде колжазба есептеу-түсіндірме хаттан және 4-6 бет А1 формат көлемінде графикалық бөлімнен құрастырылады. Беттің ак шеттің өлшемдері: сол жақ - 30 мм, оң жақ -10 мм, жоғарғы жағы -25 мм, төменгі жағы - 25 мм.

Дипломдық жұмыстың жетекшісі:

- дипломдық жұмысқа тапсырманы құрастыру және беру;
- дипломдық жұмысты орындау барлық кезеңде жоспар-кесте жасау жөнінде көмек көрсету;
- студентке дипломдық жұмыс тақырыбы бойынша қажетті негізгі әдебиеттерді анықтама және архив материалдарды, типтік жобалар мен басқа деректерді ұсыну;
- студентпен жоспар-кестеде ескерілген жүйелі әңгіме өткізу, консультациялар беру, есептеу және эксперименттік нәтижелерді бақылау;
- дипломдық жұмысты қорғауға дейін оның орындалуын бақылау және жұмыстың орындалуы үшін жауапты болу;
- дипломдық жұмыс туралы пікір құрылуы үшін міндетті .

Дипломдық жұмыс мамандық бойынша әдебиетті терең зерттеу негізінде орындалады (оқулық, оқу құралдар, монографиялар, мерзімді әдебиет, шетел тілдегі журналдар, нормативті әдебиет және т.б.).

Дипломдық жұмыста тапсырмаға сәйкес әдеби мәліметтердің сын талдауын және зерттеліп отырған мәселесі немесе жете зерттеліп отырған объект дербес теориялық немесе тәжірибелік зерттеу өткізуші қоса тақырып мәселелері толық баяндалуы тиісті. Дипломдық жұмыста сонымен қатар технология, стандарттау, экономика, еңбек қорғау және т.б. мамандықтың ерекшеліктеріне тән мәселелер қамтып көрсетілуі тиісті. Дипломдық жұмысына қоса беріліп отырған түсіндірме хаттың мәтінді материалы мәтінді құжаттарды даярлау жөніндегі қазіргі стандарттарына сәйкес дайындалуы тиіс. Түсіндірме хат форматы А4 стандартты ақ қағазда орындалу және бір түсті сиямен (пастамен) айқын қолтаңбамен жазылу немесе компьютерлік құралдар арқылы басып шығарылу тиісті. Дипломдық жұмыстың сызулары формат бойынша тушпен, қарындашпен орындалады, ал шартты көрсетулер және масштабтар қазіргі стандарт талаптарына сай болу керек. Дипломдық жұмыспен

қоса беріліп отырған түсіндірме хат түптелу тиіс.

Шығарушы кафедрамен қорғауға жіберілген дипломдық жұмысты шығарушы кафедраның меңгерушісі рецензияға бағыттайды. Дипломдық жұмыстың рецензиялаушылары кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша факультет деканымен қорғауға дейін бір ай қалған кезден кешіктірмей бекітіледі. Басқа кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамы өндіріс және ғылыми мекемелер мамандары санынан.

Рецензияда келесілер белгіленуі тиісті:

- дипломдық жұмыс тақырыбының өзектілігі;
- дипломдық жұмыстың тапсырмаға сәйкестілік дәрежесі;
- түсіндірме хаттың құрылуының қисындысы;
- дипломдық жұмыстың тақырыбы бойынша әдебиеттің сын шолуы, оның толықтық және жүйелі талдауы;

-есеп-қисап немесе өткізілген зерттеулер әдістемелері суреттеушінің толықтығы. Есеп-қисап, теориялық және тәжірибелік нәтижелерді баяндау, алынған өрнектер мен деректерді анықтық бағалау;

-дипломдық жұмыс нәтижелері бойынша дәлелденген қорытындылар;

- дипломдық жұмыстың практикалық маңыздылығы, алынған нәтижелерді қолдану мүмкіншілігі;

- дипломдық жұмыстың жетіспеушіліктері және әлсіз жақтары;
- дипломдық жұмысқа қоса беріліп отырған түсіндірме хатты әзірлеу және материалды баяндау жөніндегі ескертпелер;

-дипломдық жұмыстың бағалары: "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық", "қанағаттанарлықсыз".

Рецензиялаушы дипломдық жұмыстың студент-авторынан атқарған жұмыс жөнінде қосымша материалдар талап ету құқығы бар. Студент жұмысты МАК-да қорғауға дейін рецензиямен танысуы тиіс.

Дипломдық жұмысты қорғау реті Мемлекеттік аттестациялық комиссиясы туралы ережеде анықталады.

Дипломдық жұмыс қорғаудан кейін орындалған ЖОО-да бес жыл бойы сақталады.

Дипломдық жұмыстың қажетті шрифті - Times New Roman, 14, баспаның түсі - кара, жол аралығы (интерлиньяж) - компьютерде басылса бір жарым. Мәтіннің тығыздығы біркелкі болуы тиісті.

Дипломның барлық беттері нөмірленуі тиісті. Бірінші бет болып дипломның титул беті есептеледі, бірінші бетте нөмір қойылмайды. Қалған беттерде нөмір төменде ортада қойылады. Кестелер, формулалар, суреттер және подпункттер әрбір бөлімнің ішінде нөмірленеді. Мысалы, сурет 1.1, кесте 2.3, формула 3.2 және т.б. Сонымен қатар "кесте" сөзі қысқартусыз жазылады, ал "сурет" сөзі қысқартылады. "Кесте" сөзі кестенің сол жағында үстінде жазылады. Бір жол төмен ортада оның аты жазылады. Рабайсыз кестелер мен

суреттерді қосымшаларда орналастырған жөн.

Қосымшалар дипломдық жұмыстың міндетті элементі емес. Қосымшаларға әдетте келесі материалдар кіреді-сұрақтамалар, сұрақ қағаз, тест үлгілерінің рабайсыз кестелері және суреттері; дипломдық жұмыс тақырыбына жанама материалдар; экономикалық бөлімінің есеп-қисабы және растауы; нұсқаулар және әдістемелер; алгоритмдердің және бағдарламалардың суреттеуі.

Дипломдық жұмыстағы түсіндірме хатының мазмұны

Титулдық беті

Дипломдық жұмысқа тапсырма

Түсініктеме

Мазмұны

Кіріспе

Дипломдық жұмыс негіздеуі

- кәсіпорынның экономика-географиялық мінездемесі
- кәсіпорынның қуаттылығының есеп-қисабы және негіздеуі
- кәсіпорын жобасын бекіту орнының негіздеуі
- Технологиялық бөлім
- жобаланатын немесе қайта жобаланатын кәсіпорынның есебі бағдарламасын қарастыру
- шикізаттың есеп-қисабы
- қойма бөлмелерінің есеп-қисабы
- көкөніс цехінің есеп-қисабы
- балық цехінің есеп-қисабы
- ет цехінің есеп-қисабы
- жартылай фабрикаттар өңдеу цехінің есеп-қисабы
- ыстық цех есеп-қисабы
- аспаздық цех есеп-қисабы
- салқын цех есеп-қисабы
- тәтті тағам бұйымдарын өндіру цехінің есеп-қисабы
- ұн цехінің есеп-қисабы
- тарату орнының есеп-қисабы
- қойма бөлмелерінің есеп-қисабы
- сауда бөлмелерінің есеп-қисабы
- әкімшілік-тұрмыс бөлмелерінің есеп-қисабы
- техникалық бөлмелерінің есеп-қисабы
- Ұйымдастыру бөлімі
- негізгі цехтердің жұмысын ұйымдастыру
- қосалқы цехтердің жұмысын ұйымдастыру
- келушілерге қызмет етуді ұйымдастыру
- кәсіпорынның жарнамасы
- өнім сапасын бақылауын ұйымдастыру
- Сәулет-құрылыс бөлімі

Суықпен жабдықтау
Санитарлық техника және инженерлік қорғау
Энергиямен жабдықтау
Тіршілік әрекет кқауіпсіздігі
Экономикалық бөлім
Қорытынды
Қолданылған әдебиет тізімі

Түсіндірме хатты құрастыру бойынша нұсқау

Титулдық беті дипломның бірінші беті болып есептеледі және ережелерге сәйкес орындалу тиісті.

Мазмұны дипломның екінші беті. Егер мазмұны жеткілікті көлемде болса ол біреу емес бірнеше бет орын алады. Мазмұнда дипломның барлық құрылыс бірліктерінің бастапқы беттерінің атауы және нөмірлері енгізіледі. Мазмұнның атаулары мәтіндегі тақырыптардың атауларын тура қайталау тиісті. Атауларды қысқартуға немесе редакциялауға болмайды.

Кіріспе жұмыстың ең жауапты бөлімі. Методологиялық тұрғыдан қарағанда кіріспе дипломдық жұмыстың басында емес жұмыстың негізгі бөлімі толық дайын болғанда (аяғында) жазған жөн. Теріс жағдайда қайталаулар болуы мүмкін. Кіріспе кішігірім преамбуладан басталады, мұнда зерттеліп отырған проблеманың маңызы және күш, оның қазіргі замандағы маңыздылығы ескеріледі, ғылыми зерттеу қажеттілігі көрсетіледі. Кіріспенің соңында дипломның құрылымын келтіру өте орынды, мұнда қысқаша (бір азат жолдан) жұмыстың әрбір тарауында не туралы екенін әңгімелеу.

Әрбір тарау жаңа беттен басталады. Параграфтан параграфқа, тараудан тарауға көшуді мына сөз тіркестерді колдану арқылы жасаған жөн, мысалы: "онан әрі ...", " қарауға көшеміз", "қарағаннан соң ..., талдауға кету..., мақсатқа сәйкес ..." және т.б. Дипломдық жұмысты әдебиет шолуынан және тақырып бойынша бастаған дұрыс. Дипломдық жұмысты жазу барысында автор алып пайдаланған материалдардың немесе нақтылы нәтижелердің авторларына және деректерге сілтеме жасау тиіс. Сілтемелер квадрат жақшаларда беріледі, және де цифр колданылған деректер тізіміндегі деректің немірленуіне сай болу тиіс.

Кәсіпорын жобасының орналасқан орны, елді мекеннің экономика-географиялық мінездемесін және оның болашақтағы дамуын зерттеу негізінде шығарылады. Кәсіпорынды орналастыру барысында аудандық жоспарлау схемасын басшылыққа алу қажет. Кәсіпорынды салу үшін учаскені анықтау барысында кіріс жолдар, коммуникациялардың болуын және келушілер үшін ыңғайлылықты ескеру қажет. Шикізатпен және жартылай фабрикаттармен жабдықтау көздерін, оларды жеткізу түрлерінің мінездемесін өткізу қажет. Су

құбыры, телефон және энергожелісі, сонымен қатар транспорттық жолдардың бар болуын көрсету тиіс. Жылу тасушылар, ыстық сумен жабдықтау көздері және жылу, канализация бар болуын дәлелденеді.

Технологиялық бөлім дипломдық жұмыстың тақырыбына байланысты әрбір цех немесе бөлме үшін орындалатын технологиялық есеп-қисаптардан тұрады. Ұйымдастыру бөлімінде технологиялық бөлімде орындалған есеп-қисаптар талдап қорытындылады және жобалауға қабылданған барлық цехтар, бөлімшелер және бөлмелердегі жұмысты ұйымдастыру мінездемесі беріледі. Қосалқы бөлмелерді ұйымдастыру жөнінде мінездеме беру барысында олардың өзара байланысын, жабдықтар мен қызметкерлердің саны, жұмысқа шығу графиктері бар болуын белгілеу қажет.

Қорытындыда дипломдық жұмыстың нәтижелері бойынша қорытындылар шығаруға тура келеді. Мына бөлімнің көлемі (3...5 бет), бірақ, оның ерекше маңыздылығы бар, сондықтан осында шығарылған жұмыс қорытынды нәтижелері аяқталған және қисынды мінсіз түрде комиссия алдына беріледі. Қорытындыда алынған нәтижелерді кіріспеде қойылған мақсаттармен және міндеттермен ара қатынасын белгілеу орынды болады. Осында негізгі зерттеу нәтижелердің жалпы саны шағарылу, шешілген проблеманы маңызды қисынға келтіру, алынған нәтижелердің ғылыми және практикалық қолдануының сауатты және айқын ұсыныстары берілу тиіс. Нәтижелерді әдемі беру – мәтіннің жаппай өлшемі түрінде емес, жүйелі нөмірленген азат жолдар түрінде. Сонымен қатар әрбір нөмірленген азат жол қисынды аяқталған және нақтылы қорытындыдан тұру тиіс.

Ескерту ретінде - қорытындылар көбінесе жұмыстың барлық нәтижелерін көрсетеді. Қолданған әдебиет тізімін олардың диплом мәтінінде ескерілген ретінде ұғыну қажет.

Дипломдық жұмыстың технологиялық және ұйымдастыру бөлімдерінің өңдеу қорытынды кезеңі – кәсіпорынды жабдықтардың орналастырылуымен үйлестіру.

Жұмыстың графикалық құжаттары мемлекеттік стандарт талаптарымен сәйкестілікте орындалады. Жұмыс орны 5*5*5*20 мм рамкамен шектеледі, оң жақтағы төменгі бұрышта негізгі жазуды сызады. Ұсынылатын масштаб 1:100. Беттің толтырылуы 75% жуық болу тиіс.

Әдебиет тізімі

1. ГОСТ Р 50647-94 Общественное питание. Термины и определения.
2. ГОСТ Р 50762-95 Общественное питание. Классификация предприятий.
3. Никуленкова Т. Т., Маргелов В. Н. Проектирование предприятий общественного питания.
4. Сборник рецептур блюд и кулинарных изделий для предприятий общественного предприятия. - М.: Экономика, 1991, 1994.
5. Справочник руководителя предприятия общественного питания. - М.: Экономика, 1981.
6. Справочник технолога общественного питания. - М.: Колос, 2000.
7. Строительные нормы и правила. Нормы проектирования предприятий общественного питания. - М.: 1972. - 4.2, гл.8.